ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

SKILLS enbek

# SKILLS.ENBEK.KZ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ



# ПЛАТФОРМАҒА КІРУ

1. **https://skills.enbek.kz/** веб-мекенжайын енгізіңіз
2. Электрондық еңбек биржасы (https://www.enbek.kz/ru) арқылы, «Қызметтер» бөлімінде «**Онлайн оқыту» таңдаңыз**



# ПЛАТФОРМАҒА КІРУ

3 Платформаға кіру үшін платформаның басты бетіндегі **«Кіру»** батырмасын басу қажет, содан кейін пайда болған терезеде **«Білім алушы»** рөлін таңдаңыз



# КІРУ ҮШІН АВТОРИЗАЦИЯ

4 Батырманы басқаннан кейін кіруге қажетті деректерді енгізуге арналған терезе пайда болады, **тіркеу кезінде** көрсетілген электрондық пошта немесе ұялы телефон және құпиясөз енгізіңіз

Егер сізде бұрын тіркелген есептік жазба болмаса, **«Тіркеліңіз!»** батырмасын басып, электрондық поштаңызды растаңыз.



# ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ

5 Сәтті авторизациядан кейін сіз платформаның басты бетіне өтесіз, онда сіз **жеке кабинетке өтіп**, **деректерді толтыра аласыз**






# КУРСТЫ ІЗДЕУ

6 Сіз оқу курсын **көптеген жолдармен** таңдай аласыз:

- Платформаның басты бетіндегі **«Курстарды қарау»** батырмасы арқылы сіз **барлық жарияланған курстар** парақшасына өтесіз. Курстың түрі, рейтингі және құны бойынша кеңейтілген іздеу және сұрыптау мүмкіндігі бар



# КУРСТЫ ІЗДЕУ

6 Сіз оқу курсын **көптеген жолдармен** таңдай аласыз:

Платформаның басты бетінің жоғарғы мәзіріндегі **«Курстар каталогы»** арқылы берілген **кәсіптік салалар** мен **кәсіптер** бойынша жарияланған курстарды таңдай аласыз



# КУРСТЫ ІЗДЕУ

**6** Сіз оқу курсын **көптеген жолдармен** таңдай аласыз:

- Платформаның басты бетіндегі **«Іздеу»** арқылы сіз кәсіп немесе курс атауы бойынша негізгі сөздерді енгізе аласыз. Мысалы: кассир, ағылшын, тігінші, SMM, маникюр және т. б.



# КУРСТЫ ТАҢДАУ

7 Курсқа басу арқылы қызығушылығыңыз бойынша тиісті курсты таңдаңыз

8 Бұдан әрі, сіз курстың сипаттамасын қамтитын **курстың мазмұнын**, игерілетін дағдылар, жаңа бастаған маманнан бастап түрлі кәсіптегі кәсіпқойға дейінгі деңгейлер, курстың құралдары мен бағдарламасы бойынша ақпаратпен таныса аласыз






# КУРСҚА ТІРКЕЛУ

9 ***Тегін курста*** оқудан өтудің оң шешімі болған жағдайда **«Курстан тегін өту»** батырмасын басыңыз. Осыдан кейін сіз платформаны пайдалану шарттарын мақұлдап, курсқа тіркелесіз

10 ***Ақылы курста*** оқудан өтудің оң шешімі болған жағдайда **«Сатып алу»** батырмасын басыңыз. Осыдан кейін сіз платформаны пайдалану шарттарын мақұлдап, курстың құнын несие картамен Касса24 төлем жүйесі арқылы төлеген соң курсқа тіркелесіз






# КУРСТА ОҚУ

11 Таңдалған курс сіздің жеке кабинетіңізде **«Менің курстарым»** бөлімінде көрсетіледі. Бұл курс оқу үшін қол жетімді болады



12 Таңдалған курс сіздің жеке кабинетіңізде **«Менің курстарым»** бөлімінде көрсетіледі. Бұл курс оқу үшін қол жетімді болады

Сіз оқуды аяқтаған кездегі меңгеретін дағдыларыңыз көрсетілген




Оқу барысында сіз курс бойынша үлгеріміңізді көре аласыз

# КУРСТА ОҚУ

13 Оқуды бастау үшін **«Сабақтар» бөліміне өтіп, бірінші сабақты басып**, ұсынылған сабақ материалдарын немесе модульдерін оқуды бастаңыз.



# КУРСТА ОҚУ

SKILLS enbek

14 Оқуды бастау үшін «Сабақтар» бөліміне өтіп, бірінші сабақты басып, ұсынылған сабақ материалдарын немесе модульдерін оқуды бастаңыз.



15 Сабақ материалдарын оқып болғаннан кейін, сіздің үлгеріміңізді бекіту және келесі сабаққа өту үшін **«Сабақты аяқтау»** түймесін басыңыз. Кейбір курстарда **практикалық тапсырмалары** бар сабақтар берілген, онда сіз берілген тапсырмаға жауапты жүктеуіңіз керек.



# ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТІЛЕУ

16 Осы курстың барлық сабақтарын оқығаннан кейін сіз **қорытынды тестілеуден өтуіңіз керек**. Сәтті нәтижеге қол жеткізілмеген жағдайда **қорытынды тестілеуді қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі**



# СЕРТИФИКАТ АЛУ

17 Тестілеуден сәтті өткеннен кейін сіз өзіңіздің жеке «Кабинетіңізге» өтуіңіз керек. **«Менің сертификаттарым»** бөлімінде сізге осы курста оқуды аяқтау туралы сертификат қол жетімді болады, осы сертификатты жүктеу үшін **курсты бағалап, пікір қалдыру керек**



# СЕРТИФИКАТ АЛУ

18 Одан әрі сертификат **электрондық құжат** ретінде қолжетімді болады. Әрі қарай басып шығару үшін сертификатты **жүктеп алуға** болады. Сондай-ақ «Жақында аламын» және «Алынды» сертификаттары негізінде реттеу мүмкіндігіңіз бар:



# СЕРТИФИКАТ

SKILLS енбек

## Сертификат

Осы сертификат
Сертификат подтверждает, что

**Сіздің ТАӘ**

Сәйкестендіру нөмері
Идентификационный номер

000000000151-09032022

Берілген күні
Дата выдачи

05.03.2022

**курстан откендігін**
**прошел (-ла) курс**

Технология выращивания микрозелени

келемі
в объеме **3** сағат/час

**Курс авторы**
**Автор курса**

Автордың Т.А.Ә
Ф.И.О автора

**Асхат Сулейменов**

Ұйымның атауы
Наименование организации

**ОЮЛФА "ОЮЛ Коалиция за зеленую экономику и развитие G-Global"**

CGeGD green kaz

SKILLS енбек

# СЕРТИФИКАТТЫ ТҮЙІНДЕМЕДЕ КӨРСЕТУ

SKILLS enbek

19 Егер сізде **Электрондық еңбек биржасында түйіндеме болса** (enbek.kz), аяқталған курстар бойынша алынған дағдылар мен сертификаттар сіздің жаңартылған түйіндемеңізде **автоматты түрде көрсетіледі**

enbek.kz/ru/резюме/2867083

## Агроном

Ауыл шаруашылығы

### Жұмыс іздеуші туралы ақпараттар

| | | | |
|---|---|---|---|
| Шарттары | Ауысымды, маусымдық жұмыс | Білімі | высшее |
| Көшу | көшуге дайын емеспін | Жұмыс тәжірибесі | Еңбек өтілі жоқ |
| Жынысы, жасы | женский, 28 | Қала/Аудан | Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы |

### Білімі

| | |
|---|---|
| **Білім деңгейі** | высшее |
| **09.2010 бастап қазіргі уақытқа дейін** | кәсіби орта оқу орындары<br>5B080100-Агрономия<br>150203 3 - Агроном |

### Қосымша мәліметтер

| | |
|---|---|
| **Кәсіби дағдылар** | Дақылдарды өсірудің агрохимиялық тәсілдері;<br>Жоғары сапалы тұқым сұрыптарын өсіру; |

### Курстар мен сертификаттар



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

SKILLS enbek



Білім алушыларға онлайн оқыту мәселелері бойынша платформа футеріндегі «Хабарлама жазу» немесе «WhatsApp чатына жазу» мүмкіндігі қарастырылған

